**Еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың және еркін кедендік аймақ кедендік рәсімінің кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 20 ақпандағы № 247 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 14 наурызда № 16582 болып тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 24.06.2020 № 630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 283-бабының 2, 4, 6 және 7-тармақтарына, 285-бабының 6 және 10-тармақтарына 286-бабының 2-тармағына, 287-бабының 10, 11, 12, 13 және 14-тармақтарына және "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2 ) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес, Еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың (бұдан әрі – ЕЭА) аумағын жайластыруға, осындай аумақтың периметрін қоршау және бейнебақылау жүйесімен жарақтандыру жөніндегі талаптарды қоса алғанда қойылатын талаптар;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес, ЕЭА аумағында, осындай аумаққа адамдардың кіруін қоса, бақылау-өткізу режимін қамтамасыз ету қағидасы;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес, ЕЭА аумағына тауарларды әкелу туралы хабарламаны беру және ЕЭА аумағынан тауарларды әкетуге және порттық ЕЭА-ға немесе логистикалық ЕЭА-ға тауарларды әкелуге рұқсаттарды беру қағидасы;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес, ЕЭА аумағына тауарларды әкелу туралы хабарламаның нысаны;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес, ЕЭА аумағынан тауарларды әкетуге рұқсаттың нысаны;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес, порттық ЕЭА-ға немесе логистикалық ЕЭА-ға тауарларды әкелуге рұқсаттың нысаны;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес, Мемлекеттік кірістер органының ЕЭА аумағына әкелінетін тауарларға сәйкестендіруді жүзеге асыру қағидасы;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес, Еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды есепке алуды

жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органына осындай тауарлар туралы есептілікті ұсыну қағидасы;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес, Мемлекеттік кірістер органының ЕЭА аумағынан еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтамай, еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және (немесе) еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды әкетуге рұқсат беру қағидасы;

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес, ЕЭА қатысушысының еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және (немесе) еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды иелену, пайдалану және (немесе) оларға билік ету құқықтарын, еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтамай, осы ЕЭА-ның өзге қатысушысына беруге жол берілетін жағдайлар;

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес, ЕЭА қатысушысының еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және (немесе) еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды иелену, пайдалану және (немесе) оларға билік ету құқықтарын, еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтамай, осы ЕЭА-ның өзге қатысушысына берудің қағидасы мен шарттары;

12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес, Еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарларды, еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларда сәйкестендіруді жүзеге асыру қағидасы;

13) осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес, Тауарларды көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе өзге де тәсілмен жою актісінің нысаны;

14) осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес, еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуын, тауарларды кедендік рәсімдермен орналастырмай аяқтау қағидасы;

15) осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес, ЕЭА қатысушысы болып табылатын тұлға таратылған (қызметі тоқтатылған) кезде еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтау қағидасы бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 24.06.2020 № 630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. "Арнайы экономикалық аймақтың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы № 210 бұйрығының ( Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 11053 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 15 мамырында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті ( А.М. Теңгебаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Қаржы министрі* *Б. Сұлтанов*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрі
_______________ Ж. Қасымбек
"___" _________ 2018 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитетінің төрағасы
_______________ Н. Айдапкелов
27 ақпан 2018 жыл

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 20 ақпандағы
№ 247 бұйрығына
1-қосымша

## Еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағын жайластыруға, осындай аумақтың периметрін қоршау және бейнебақылау жүйесімен жарақтандыру жөніндегі талаптарды қоса алғанда қойылатын талаптар

Ескерту. Талаптар тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 24.06.2020 № 630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Еркін кедендік аймағы кедендік рәсімі қолданылатын еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың (бұдан әрі – ЕЭА) аумағын жайластыру бойынша кедендік бақылауды қамтамасыз ету мына талаптардың міндетті түрде орындалуымен жүзеге асырылады:

1) ЕЭА аумағы немесе оның еркін кедендік аймағы кедендік рәсімі қолданылатын бөлігі сыртқы жағынан "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 404 -бабының 5-тармағымен көзделген талаптарға сәйкес белгіленеді және оның шекарасын айқындауға және осы Арнайы экономикалық аймақтың аумағын жайластыруға, осындай аумақтың периметрін қоршау және бейнебақылау жүйесімен жарақтандыру жөніндегі талаптарды қоса алғанда қойылатын талаптарға (бұдан әрі – Талаптар) сәйкес белгілі бір орындардан тыс адамдардың, тауарлар мен көлік құралдарының кіруін болғызбауға мүмкіндік беретін қоршауының болуы;

2) көлік құралдарының (көліктің түріне қарай) қозғалыс мүмкіндігін қамтамасыз ететін кіреберіс жолдарының болуы;

3) тауарларды еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен немесе өзге кедендік рәсіммен орналастырғанға дейін оларды түсіру, тиеу немесе сақтауға байланысты операциялар жүргізілетін кедендік бақылау аймағының периметрі күнтізбелік соңғы отыз күн ішінде, оның ішінде тәуліктің қараңғы уақытында болған оқиғалар туралы бейнеақпаратты қарауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, тәулік бойы режимде жұмыс істейтін бейнебақылау жүйесімен жабдықталады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 24.06.2020 № 630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мемлекеттік кірістер органы (бұдан әрі - МКО) еркін кеден аймағы кедендік рәсімі қолданылатын АЭА аумағына (нан) әкелінетін (әкетілетін) тауарларға қатысты кедендік бақылауды жүргізу үшін жабдықталған және техникалық жарақтандырылған бақылау-өткізу пункттерін (бұдан әрі - БӨП), осындай БӨП-ны құрудың (географиялық орналасуына, жүк ағындарына, басымдылығына және БӨП құрудың өзге факторларына ) орындылығына қарай айқындайды.

БӨП құрамына:

байланыс құралдарымен жабдықталған және еркін кеден аймағы кедендік рәсімі қолданылатын АЭА аумағына (нан) әкелінетін (әкетілетін) тауарларға қатысты кедендік бақылауды жүзеге асыратын МКО лауазымды адамдарын орналастыруға арналған үй-жайлар;

тәулік бойы жұмыс режимі кезінде МКО лауазымды адамдарына арналған демалу бөлмесі кіреді.

Сондай-ақ, БӨП шлагбаумдармен (қақпалармен) және (немесе) көлік құралдарының қозғалысына тосқауыл болатын қондырғылармен жабдықталады.

3. Кедендік операцияларды жасау орындарын құрған жағдайда басқарушы компания және (немесе) АЭА-ға қатысушы АЭА аумағында олардың санына қарай МКО-ның лауазымды адамдарын орналастыруға арналған жайластырылған ғимарат немесе телекоммуникация құралдарымен жарақтандырылған офистік үй-жайлар бөледі.

4. Инфрақұрылым объекттері, ғимараттарды, БӨП, АЭА аумағына (нан) немесе АЭА аумағы бөлігіне ену (кету) және (немесе) кіру (шығу) орындарын, МКО-ның лауазымды адамдарын орналастыруға арналған қызметтік үй-жайларды, сондай-ақ АЭА-ның материалдық-техникалық жарақтандырылуы жайластыру жоспарына қосылған ашық алаңдарды, олардың кедендік бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті санын және орналастырылуын қоса алғанда, басқарушы компаниямен және (немесе) АЭА қатысушымен қызмет ету аймағында АЭА орналасқан МКО хабардар етумен айқындалады.

5. АЭА аумағын жайластыру осы Талаптарға сәйкес басқарушы компаниямен және (немесе) АЭА қатысушымен қамтамасыз етіледі.

6. Осы Талаптардың ережелері Кодекстің 291-бабының 3-тармағына сәйкес шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кеден шекарасының учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін АЭА-ға қатысты қолданылмайды.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 20 ақпандағы
№ 247 бұйрығына
2-қосымша

## Еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағында, осындай аумаққа адамдардың кіруін қоса, бақылау-өткізу режимін қамтамасыз ету қағидасы

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 24.06.2020 № 630 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың (бұдан әрі – ЕЭА) аумағында, осындай аумаққа адамдардың кіруін қоса, бақылау-өткізу режимін қамтамасыз ету қағидасы "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 283-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленген және ЕЭА аумағында, осындай аумаққа

адамдардың кіруін қоса, бақылау-өткізу режимін қамтамасыз етудің тәртібін айқындайды.

2. Аталған тәртіп, осы тармақтың екінші бөлігінің ережелері ескеріле отырып, ЕЭА аумағында немесе оның еркін кеден аймағы кедендік рәсімі қолданылатын бөлігінде қолданылады.

Осы тәртіптің ережелері Кодекстің 291-бабының 4-тармағына сәйкес шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін ЕЭА-ға қатысты қолданылмайды.

## 2-тарау. Еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағында, осындай аумаққа адамдардың кіруін қоса, бақылау-өткізу режимін қамтамасыз ету тәртібі

3. Еркін кеден аймағы кедендік рәсімі қолданылатын ЕЭА аумағына адамдардың және көлік құралдарының кіруі мына шарттар сақталған кезде жүзеге асырылады:

ЕЭА аумағына (нан) адамдардың кіруі (шығуы), сондай-ақ көлік құралдарының кіруі (шығуы) бақылау-өткізу пункттері арқылы жүзеге асырылады;

ЕЭА аумағына (нан) және (немесе) аумақтың бөлігіне адамдардың кіруі (шығуы):

1) қызметін кедендік бақылау аймақтарында жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының тиісті бақылаушы органдарының лауазымды адамдары үшін қызметтік куәлігін ұсынған кезде тұрақты рұқсаттама бойынша;

2) Қазақстан Республикасының құқық қорғау немесе арнайы мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қаулы бойынша;

3) лауазымдық міндеттерін орындау көрсетілген тұлғалардың ЕЭА аумағында және (немесе) ЕЭА аумағының бөлігінде тікелей болуына байланысты, қызметін ЕЭА аумағында және (немесе) ЕЭА аумағының бөлігінде жүзеге асыратын тұлғалар үшін, сондай-ақ лауазымдық міндеттерін орындау ЕЭА аумағында және (немесе) ЕЭА аумағының бөлігінде тікелей болуына байланысты тұлғалар үшін рұқсаттама бойынша;

4) көрсетілген тұлғалардың ЕЭА аумағында және (немесе) ЕЭА аумағының бөлігінде қысқа уақытта болуына байланысты лауазымдық міндеттерін орындау мақсатында, қызметін ЕЭА аумағында және (немесе) ЕЭА аумағының бөлігінде жүзеге асыратын тұлғалар үшін ЕЭА қатысушысының уақытша рұқсаттамасы бойынша;

5) өзінің функционалдық міндеттерін жүзеге асырған кезде мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды адамдары үшін қызметтік куәліктері бойынша жүзеге асырылады.

4. Тұрақты және уақытша рұқсаттамалардың беруін ЕЭА қатысушысы жүзеге асырады.

5. Тұрақты рұқсаттамаларды беру үшін ЕЭА қатысушысы осы Қағидаға қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік кірістер органына (бұдан әрі – МКО) олардың ЕЭА аумағына және (немесе) ЕЭА аумағының бөлігіне кіруіне рұқсат ету бойынша өзінің штатындағы қызметшілердің тізімін жолдау жолымен хабардар етеді.

Бұдан бұрын жолданған тізімдегі мәліметтер өзгерген кезде ЕЭА қатысушысы күнтізбелік айдан кейінгі 10-ы күнінен кешіктірмей МКО-ға бұл өзгерістер туралы ақпаратты жолдайды.

6. ЕЭА аумағына және (немесе) ЕЭА аумағының бөлігіне кіру үшін уақытша рұқсаттаманы ЕЭА-ның қатысушысы, ЕЭА аумағында және (немесе) ЕЭА аумағында осы тұлғалардың орналасқан жеріне тікелей байланысты жеке тұлғалардың бірреттік немесе қысқа мерзімді болуына ресімдейді.

Берілген уақытша рұқсаттамалар бойынша ақпарат сұрау салу бойынша МКО-ға жолданады.

7. Адамдардың денсаулығын сақтау және өмірді сақтап қалу, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды және олардың салдарларын ЕЭА-ның аумағында және (немесе) ЕЭА аумағының бөлігінде жою мақсатында медицина қызметтерінің және өзге де қызметтердің қызметкерлерін өткізу рұқсаттамаларды ресімдемей жүзеге асырылады.

8. Рұқсаттамалар беру, сондай-ақ кедендік бақылау аймағының режимін бұзғаны үшін ЕЭА-ның қатысушысы жауапкершілікте болады.

Еркін (арнайы, ерекше)
экономикалық аймақтың
аумағында, осындай аумаққа
адамдардың кіруін қоса,
бақылау-өткізу режимін
қамтамасыз ету қағидасына
қосымша
нысан

## Еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағына және (немесе) еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ аумағының бөлігіне олардың кіруі бойынша еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ қатысушысының штатындағы қызметкерлердің тізімі

| ________________________<br>ЕЭА қатысушының атауы | | 20__ жылғы "___" _______ | |
|---|---|---|---|
| №р/с | ЕЭА қатысушы штатындағы жеке тұлғаның Т.А.Ә. | Жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі мен күні | Ескертпе |
| ЕЭА қатысушы штатындағы қызметкерлер | | | |
| | | | |
| ЕЭА аумағында қосалқы қызметті жүзеге асыратын тұлғаның штатындағы қызметкерлері | | | |
| | | | |
| | | | |

| Т.А.Ә. ________________________ | ______<br>_ _<br>қолы |
|---|---|

Ескертпе: аббревиатуралардың ашып жазылуы:
ЕЭА – еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ;
Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде).

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 20 ақпандағы
№ 247 бұйрығына
3-қосымша

# Еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағына тауарларды әкелу туралы хабарламаны беру және еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағынан тауарларды әкетуге және порттық еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ немесе логистикалық еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ аумағына тауарларды әкелуге рұқсаттарды беру қағидасы

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 24.06.2020 № 630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың (бұдан әрі – ЕЭА) аумағына тауарларды әкелу туралы хабарламаны беру және ЕЭА аумағынан тауарларды әкетуге және порттық ЕЭА немесе логистикалық ЕЭА тауарларды әкелуге рұқсаттарды беру қағидасы "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс ) 283-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленген және ЕЭА аумағына тауарларды әкелу туралы хабарламаны берудің және ЕЭА аумағынан тауарларды әкетуге және порттық ЕЭА-ға немесе логистикалық ЕЭА-ға тауарларды әкелуге рұқсаттарды берудің тәртібін айқындайды.

## 2-тарау. Еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағына тауарларды әкелу туралы хабарламаны беру тәртібі

2. Порттық ЕЭА және логистикалық ЕЭА қоспағанда, еркін кеден аймағы кедендік рәсімі қолданылатын ЕЭА аумағына тауарларды әкелу мемлекеттік кірістер органына (бұдан әрі – МКО) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес бекітілген нысан бойынша ЕЭА аумағына тауарларды әкелу туралы хабарламаны (бұдан әрі – хабарлама) электронды түрде беру жолымен жүзеге асырылады.

3. Хабарлауды уәкілетті тұлғалар:

1) тасымалдаушы (кедендік тасымалдаушы) немесе кедендік бақылаудағы шетелдік тауарларды, сондай-ақ кедендік бақылауда тұрмаған Еуразиялық экономикалық одақтың тауарларын тасымалдауды жүзеге асыратын өзге тұлға;

2) ЕЭА қатысушысы;

3) ЕЭА аумағында қосалқы қызметті жүзеге асыратын өзге тұлға;

4) басқарушы компания жүргізеді.

4. Хабарламаларды тіркеу МКО ақпараттық жүйелері арқылы жүзеге асырылады.

5. МКО және осы Қағиданың 3-тармағында көрсетілген уәкілетті тұлғаларға тәуелсіз мән-жайлар бойынша хабарламаны электронды түрде беру мүмкін болмаған жағдайда, хабарламаны беру, кедендік бақылау үшін қажетті мәліметті қамтитын әкелінетін тауарларға қатысты коммерциялық, көліктік (тасымалдау) және (немесе) кедендік құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелерін МКО-ға ұсыну жолымен жүргізіледі.

Кодекстің 3-бабы 1-тармағының 31) және 33) тармақшаларында көрсетілген құжаттар коммерциялық, көліктік (тасымалдау) құжаттар ретінде пайдаланылады.

Кедендік құжаттар ретінде мынадай құжаттардың бірі пайдаланылады:

шот-фактура, тауар-көліктік жүкқұжат, мәлімделген кедендік рәсімге сәйкес МКО ресімдеген тауарларға арналған декларация, немесе оған сәйкес тауарлар еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған өзге құжат;

транзиттік декларация немесе транзиттік декларация ретінде пайдаланылатын өзге құжат (ХЖТ кітапшасы, АТА карнеті).

6. Тауарларды ЕЭА аумағына әкелу туралы шешімді МКО лауазымды адамы осы қағиданың 5-тармағында көрсетілген тауарлар мен құжаттарға қатысты кедендік бақылауды жүргізгеннен кейін дереу қабылдайды.

МКО лауазымды адамы тауарларды ЕЭА аумағына әкелу туралы шешімді қабылдаған кезде ұсынылған коммерциялық, көліктік (тасымалдау) және (немесе) кедендік құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелеріндегі оң жақ төменгі бұрышына " ЕЭА аумағына әкелуге рұқсат" бедері түрінде тиісті мөртабан, жеке нөмірлі мөрдің бедерімен және қолымен куәландырылатын шешімді қабылдау күні қойылады.

Ұсынылған құжаттардың түпнұсқалары уәкілетті тұлғаға қайтарылады, берілген құжаттардың көшірмелері МКО-да қалады.

Тауарларды осы қағиданың 5-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынбауына байланысты ЕЭА аумағына әкелуден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда, МКО лауазымды адамы ұсынылған коммерциялық, көліктік (тасымалдау) және (немесе ) кедендік құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелерінде жеке нөмірлі мөрдің бедерімен және қолымен куәландырылатын шешімді қабылдаған күнін көрсете отырып "ЕЭА аумағына әкелуге тыйым салынады" деген жазбаны сондай шешімнің себебін көрсетумен дереу жүргізеді.

7. МКО келіп түскен тауарлы-көліктік жүкқұжаттың көшірмелерін осы қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарларды ЕЭА аумағына әкелу туралы хабарламаны тіркеу журналында (бұдан әрі – Журнал) есепке алуды жүргізеді.

8. Тауарларды ЕЭА аумағына әкелген кезде МКО осы бұйрыққа 7-қосымшамен айқындалған тәртіпте тауарлардың сәйкестендірілуін жүзеге асыруға құқылы.

## 3-тарау. Порттық еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың немесе логистикалық еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағына тауарларды әкелуге рұқсатты беру тәртібі

9. Тауарларды порттық ЕЭА немесе логистикалық ЕЭА аумағына әкелу электронды түрде осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес бекітілген нысан бойынша тауарларды порттық ЕЭА немесе логистикалық ЕАЭ аумағына (бұдан әрі – әкелуге арналған рұқсат ) әкелуге рұқсатпен жүзеге асырылады.

10. Әкелуге рұқсат мынадай адамдарға беріледі:

1) тасымалдаушыға (кедендік тасымалдаушыға) немесе шетелдік тауарларды және Еуразиялық экономикалық одақтың тауарларын тасымалдайтын өзге адамға;

2) ЕЭА қатысушысына;

3) ЕЭА аумағында қосалқы қызметті жүзеге асыратын өзге адамға;

4) басқарушы компанияға;

5) порттық ЕЭА немесе логистикалық ЕЭА қатысушысы болып табылмайтын және порттық ЕЭА немесе логистикалық ЕЭА қатысушыларымен тауарларды жинап қою ( сақтау), тауарларды тиеу (түсіру) және сақтауға байланысты өзге де жүк операциялары бойынша, сондай-ақ тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету және партияларды бөлшектеуді, жөнелтілімдерді қалыптастыруды, сұрыптауды, орауды, қайта орауды, таңбалауды қоса алғанда, тауарларды тасымалдауға (тасуға) дайындау жөніндегі қызметтерді көрсету туралы шартты жасасқан, егер осындай қызметтер көрсету кезінде тауарлармен жасалатын операциялар Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына сәйкес кодтың өзгеруіне байланысты тауарлардың сипаттамаларын өзгертпейтін болса, адамдарға.

11. Әкелуге рұқсатты алу үшін осы қағиданың 10-тармағында көрсетілген адамдар электронды жүйе арқылы МКО-ға өтінішті жолдайды.

Өтініште мынадай мәліметтер көрсетілуі тиіс:

1) тауарларға арналған декларацияның немесе тауар әкелінетін өзге де кедендік құжаттың нөмірі;

2) тауар атауы;

3) тауар саны;

4) тауар мәртебесі;

5) жөнелтуші;

6) алушы;

7) көлік құралының тіркеу нөмірі (маркасы, моделі).

12. Егер кедендік бақылау нәтижелері бойынша МКО-нің лауазымды адамы өтініште уәкілетті тұлғалар ұсынған мәліметтердің МКО ақпараттық жүйесіндегі мәліметтермен сәйкес келмейтінін анықтамаса, онда МКО-нің лауазымды адамы осы қағиданың 10-тармағында көрсетілген тұлғаларға тауарларды әкелуге рұқсат туралы хабардар ете отырып дереу бұл туралы жазба жүргізеді.

Егер кедендік бақылау нәтижелері бойынша МКО-нің лауазымды адамы өтініште уәкілетті тұлғалар ұсынған мәліметтердің МКО ақпараттық жүйесіндегі мәліметтермен сәйкес келмейтінін анықтаса, онда МКО-нің лауазымды адамы осы қағиданың 10-тармағында көрсетілген тұлғаларға тауарларды әкелуге тыйым салу туралы хабардар ете отырып дереу бұл туралы жазба жүргізеді.

13. Егер МКО және осы Қағиданың 10-тармағында көрсетілген уәкілетті тұлғаларға тәуелсіз мән-жайлар бойынша әкелуге рұқсатты электронды түрде беру және өтінішті ұсыну мүмкін болмаған жағдайда, көрсетілген уәкілетті тұлғалардың тауарлы-көліктік жүкқұжатты ұсынуы өтінішті ұсынуы болып саналады, ал рұқсатты беру МКО лауазымды адамының тауарлы-көліктік жүкқұжатқа "ЕЭА аумағына әкелуге рұқсат" бедері түрінде тиісті мөртабан, жеке нөмірлі мөрдің бедерімен және қолымен куәландырылатын шешімді қабылдаған күнін қою жолымен сондай шешімнің себебін көрсетумен дереу жүзеге асырылады.

14. Тауарларды порттық ЕЭА немесе логистикалық ЕЭА аумағына әкелген кезде МКО осы бұйрыққа 7-қосымшамен айқындалған тәртіпте тауарлардың сәйкестендірілуін жүзеге асыруға құқылы.

## 4-тарау. Еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймағының аумағынан тауарларды әкетуге рұқсаттарды беру тәртібі

15. Еркін кеден аймағы кедендік рәсімі қолданылатын ЕЭА аумағынан тауарларды әкету, осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес бекітілген нысан бойынша электронды түрде ЕЭА аумағынан тауарларды әкетуге рұқсатпен (бұдан әрі – әкетуге арналған рұқсат) жүзеге асырылады.

16. Әкетуге рұқсат мынадай адамдарға беріледі:

1) тасымалдаушыға (кедендік тасымалдаушыға) немесе шетелдік тауарларды және Еуразиялық экономикалық одақтың тауарларын тасымалдайтын өзге адамға;

2) ЕЭА қатысушысына;

3) ЕЭА аумағында қосалқы қызметті жүзеге асыратын өзге адамға;

4) басқарушы компанияға;

5) порттық ЕЭА немесе логистикалық ЕЭА қатысушысы болып табылмайтын және порттық ЕЭА немесе логистикалық ЕЭА қатысушыларымен тауарларды жинап қою (

сақтау), тауарларды тиеу (түсіру) және сақтауға байланысты өзге де жүк операциялары бойынша, сондай-ақ тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету және партияларды бөлшектеуді, жөнелтілімдерді қалыптастыруды, сұрыптауды, ораулы, қайта орауды, таңбалауды қоса алғанда, тауарларды тасымалдауға (тасуға) дайындау жөніндегі қызметтерді көрсету туралы шартты жасасқан, егер осындай қызметтер көрсету кезінде тауарлармен жасалатын операциялар Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына сәйкес кодтың өзгеруіне байланысты тауарлардың сипаттамаларын өзгертпейтін болса, адамдарға.

17. Әкетуге рұқсат алу үшін осы қағиданың 16-тармағында көрсетілген тұлғалар ақпараттық жүйе арқылы МКО-ға жүгінеді.

18. Егер МКО және осы Қағиданың 16-тармағында көрсетілген уәкілетті тұлғаларға тәуелсіз мән-жайлар бойынша әкетуге рұқсатты электронды түрде беру мүмкін болмаған жағдайда, еркін кеден аймағы кедендік рәсімі қолданылатын ЕЭА аумағынан тауарларды әкету мыналарды:

әкетілетін тауарлар Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда кедендік рәсіммен орналастырылғанын;

егер көрсетілген тауарлар ЕЭА аумағына кедендік рәсіммен орналастырылмай әкелінген жағдайда, әкетілетін тауарларда кеден мақсаттары үшін Еуразиялық экономикалық одақ тауарларының мәртебесі барын;

тауарлар ЕЭА аумағынан осындай әкетуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құжаттар бойынша әкетілетінін растайтын құжаттарды МКО-ға табыс еткен жағдайда жүзеге асырылады.

19. Әкетуге рұқсатты тауарларға, құжаттарға және мәліметтерге қатысты кедендік бақылауды жүргізгеннен кейін МКО-нің лауазымды адамы дереу жүзеге асырады.

МКО лауазымды адамы тауарларды әкету туралы шешім қабылдаған кезде, ұсынылған осы қағиданың 18-тармағында көрсетілген құжаттардың жоғарғы сол жақ бұрышына "ЕЭА аумағынан әкетуге рұқсат" бедері түрінде тиісті мөртабан, жеке нөмірлі мөрдің бедерімен және қолымен куәландырылатын шешімді қабылдаған күні қойылады.

20. Егер осы қағиданың 18-тармағында көрсетілген құжаттарды табыс етпеумен, сондай-ақ әкетуге өтініште көрсетілген тауарлардың осындай құжаттарда көрсетілген мәліметтермен сәйкес келмеуіне байланысты, әкетуге рұқсатты беруден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда, МКО-нің лауазымды адаы ұсынылған коммерциялық, көліктік (тасымалдау) және (немесе) кедендік құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелерінде жеке нөмірлі мөрдің бедерімен және қолымен куәландырылатын шешімді қабылдаған күнін көрсете отырып "ЕЭА аумағына әкетуге тыйым салынады" деген жазбаны сондай шешімнің себебін көрсетумен дереу дереу жүргізеді.

Еркін (арнайы, ерекше)
экономикалық аймақтың
аумағына тауарларды әкелу
туралы хабарламаны беру
және еркін (арнайы, ерекше)
экономикалық аймақтың
аумағынан тауарларды әкетуге
және порттық еркін (арнайы,
ерекше) экономикалық аймақ
немесе логистикалық еркін
(арнайы, ерекше) экономикалық
аймақ аумағына тауарларды
әкелуге рұқсаттарды беру
қағидасына қосымша
нысан

## Еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағына тауарларды әкелу туралы хабарламаны тіркеу журналы

| Тіркеу № | Күні | Жөнелтуші | Алушы | Тауардың атауы | Саны | Көлік құралының тіркеу нөмірі (маркасы, моделі) | Тауардың мәртебесі | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| | | | | | | | | |

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 20 ақпандағы
№247 бұйрығына
4-қосымша
нысан

## Еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағына тауарларды әкелу туралы хабарлама

Ескерту. Нысан жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 24.06.2020 № 630 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Хабарлама №________
күні ______
Мемлекеттік кірістер органының атауы________________________________;
Жөнелтуші/алушы____________________________________________________;
ЕЭА қатысушысының атауы_____________________________________________;
Көлік құралының тіркеу нөмірі ________________________________________;
(маркасы, моделі)
Тауарлар туралы мәлімет:

| №р/с | Тауарларға арналған декларацияның немесе тауар әкелінетін өзге де құжаттың № | Тауардың атауы | Саны | Тауарлардың мәртебесі | Өзге де мәлімет |
|---|---|---|---|---|---|
| Т.А.Ә. ___________________ | | | _ _ _ _ _ _ _ _ _ қолы | | |

Ескертпе: аббревиатуралардың ашып жазылуы:

ЕЭА – еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде).

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 20 ақпандағы
№247 бұйрығына
5-қосымша
нысан

## Еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағынан тауарларды әкетуге рұқсат

Ескерту. Рұқсат жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 24.06.2020 № 630 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Рұқсат №________

күні ______

Мемлекеттік кірістер органының атауы________________________________;

Жөнелтуші/алушы____________________________________________________;

ЕЭА қатысушысының атауы______________________________________;

Көлік құралының тіркеу нөмірі ______________________________________;

(маркасы, моделі)

Тауарлар туралы мәлімет:

| р/с | Тауарларға арналған декларацияның немесе тауар әкелінетін өзге де құжаттың № | Тауардың атауы | Саны | Тауарлардың мәртебесі | Өзге де мәлімет |
|---|---|---|---|---|---|
| Т.А.Ә. ______________________________ | | | | | ________ қолы |

Ескертпе: аббревиатуралардың ашып жазылуы:

ЕЭА – еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде).

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 20 ақпандағы
№247 бұйрығына
6-қосымша
нысан

## Порттық еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың немесе логистикалық еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағына тауарларды әкелуге рұқсат

Ескерту. Рұқсат жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 24.06.2020 № 630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Рұқсат №________

күні _____

Мемлекеттік кірістер органның атауы________________________________;

Жөнелтуші/алушы______________________________________________;

ЕЭА қатысушысының атауы_______________________________________;

Көлік құралының тіркеу нөмірі _________________________________;

(маркасы, моделі)

Тауарлар туралы мәлімет:

| р/с | Тауарларға арналған декларацияның немесе тауар әкелінетін өзге де құжаттың № | Тауардың атауы | Саны | Тауардың мәртебесі | Өзге де мәлімет |
|---|---|---|---|---|---|
| Т.А.Ә. ___________________________________ | | | | | ________ қолы |

Ескертпе: аббревиатуралардың ашып жазылуы:

ЕЭА – еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде).

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 20 ақпандағы
№247 бұйрығына
7-қосымша

## Мемлекеттік кірістер органының еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ аумағына әкелінетін тауарлардың сәйкестендіруін жүзеге асыру қағидасы

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 24.06.2020 № 630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік кірістер органының (бұдан әрі – МКО) еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ (бұдан әрі – ЕЭА) аумағына әкелінетін тауарлардың сәйкестендіруін жүзеге асыру қағидасы "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі

– Кодекс) 283-бабының 6-тармағына сәйкес әзірленді және МКО-ның ЕЭА аумағына әкелінетін тауарлардың сәйкестендіруін жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

## 2-тарау. Мемлекеттік кірістер органының еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ аумағына әкелінетін тауарлардың сәйкестендіруін жүзеге асыру тәртібі

2. ЕЭА аумағына әкелінетін тауарларды сәйкестендіру кезінде Кодекстің 427-бабында айқындалған сәйкестендіру құралдары қолданылады.

3. МКО кедендік бақылаудың нысандарын және (немесе) кедендік бақылаудың жүргізуін қамтамасыз ететін шараларды анықтайтын тәуекелдерді басқару жүйесіне сәйкес ЕЭА аумағына әкелінетін тауарлардың сәйкестендіруін жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 20 ақпандағы
№ 247 бұйрығына
8-қосымша

## Еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды есепке алуды жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органына осындай тауарлар туралы есептілікті ұсыну қағидасы

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған ( алынған) тауарларды есепке алуды жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органына ( бұдан әрі - МКО) осындай тауарлар туралы есептілікті ұсыну қағидасы "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 283-бабының 7-тармағына сәйкес әзірленген және:

еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды есепке алуды жүргізу;

еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарлар туралы МКО есептілікті ұсыну тәртібін айқындайды.

## 2-тарау. Тауарларды есепке алуды жүргізу тәртібі

2. Еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың (бұдан әрі - ЕЭА) катысушысы еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардың және көрсетілген кедендік рәсіммен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарлардың (бұдан әрі - тауарлар), есептілікте ұсынылатын деректерінің, сондай-ақ тауарлармен жасалған барлық өзгерістерінің көрсетілуімен, электронды түрде есепке алынуын жүргізеді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 24.06.2020 № 630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. АЭА катысушысы тауарларды есепке алу бойынша деректерді МКО лауазымды адамдарына кедендік бақылауды жүргізу мақсатындағы олардың талап етуі бойынша ұсынады.

## 3-тарау. Мемлекеттік кірістер органына есептілікті ұсыну тәртібі

4. АЭА қатысушысы есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-ы күнінен кешіктірмей тоқсан сайын, осы Қағидаларға 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша мемлекеттік кірістер органына мынадай:

1) Кодекстің 285-бабының 1-тармағына сәйкес, операциялар жасау үшін еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар бойынша;

2) АЭА объектілерінің құрылысы, жайластыру немесе реконструкциялау мақсатында еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар бойынша;

3) еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған, порттық АЭА-ға(дан) және логистикалық АЭА-ға(дан) әкелінген (әкетілген) тауарлар бойынша есептіліктерді ұсынады.

5. Есептілік МКО электронды немесе қағаз түрінде ұсынылады.

Еркін кеден аймағы кедендік
рәсімімен орналастырылған
тауарларды және еркін кеден
аймағы кедендік рәсімімен
орналастырылған тауарлардан
дайындалған (алынған)
тауарларды есепке алуды
жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік
кірістер органына осындай
тауарлар туралы есептілікті
ұсыну қағидасына 1-қосымша
әкімшілік деректерді жинауға
арналған
нысан

## "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 285-бабының 1-тармағына сәйкес, операциялар жасау үшін еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар бойынша ЕСЕПТІЛІК

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 24.06.2020 № 630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Индекс: ЕКА КР-1

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Ұсынады: еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың қатысушылары

Қайда ұсынады: мемлекеттік кірістер органдарына

Ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-ы күнінен кешіктірмей

20__ жылғы "____" ________жағдайына ____ ___________________________________
парақта нан(ұйымның атауы, БСН, мекенжайы)

1-бөлім. Кодекстің 285-бабының 1-тармағының 4)-тармақшасына сәйкес операциялар жасау үшін еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар

| № р/б | Тауардың атауы | Тауарлардың ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша коды (10 белгі) | Тауарларға арналған декларацияның немесе өзге кедендік құжаттың № | Тауардың саны | Тауарлармен жүргізілген операциялар түрі | Тауарларды қайта өңдеу (өңдеу) бойынша операциялар нәтижесінде алынған тауардың атауы | Тауарларды қайта өңдеу (өңдеу) бойынша операциялар нәтижесінде алынған тауардың ЕАЭО СЭҚ Т Н бойынша коды (10 белгі) | Тауарларды қайта өңдеу (өңдеу) бойынша операциялар нәтижесінде алынған тауардың саны | Оған сәйкес еркін кеден аймағы кедендік рәсім аяқталған тауарларға арналған декларацияны немесе өзге кедендік құжаттың № |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| Шетелдік тауарлар | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

Кестенің жалғасы

2-бөлім. Кодекстің 285-бабының 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6)-тармақшаларына сәйкес операциялар жасау үшін еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Оған сәйкес еркін кеден аймағы | | | |

| № р/б | Тауардың атауы | Тауарлардың ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша коды (10 белгі) | Тауарларға арналған декларацияның немесе өзге кедендік құжаттың № | Тауардың саны | Тауарлармен жүргізілген операциялар түрі | кедендік рәсімі аяқталған тауарларға арналған декларацияның немесе өзге кедендік құжаттың № | Кедендік рәсімнің коды | Еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардың қалдығы (саны) | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| Шетелдік тауарлар | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| АЭА-ға қатысушы басшының Т.А.Ә. ____________________________________ 20__жылғы "__" ____ _____ | | | | | | | | | __________ (қолы) |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АЭА – еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ;

БСН – бизнес сәйкестендіру нөмірі;

ЕАЭО СЭҚ ТН - Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде).

Есептілік тоқсан сайын деректердің көбеюімен ұсынылады.

Еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды есепке алуды жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органына осындай тауарлар туралы есептілікті ұсыну қағидасына
2-қосымша

әкімшілік деректерді жинауға арналған
нысан

## Еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ объектілерінің құрылысы, жайластыру немесе реконструкциялау мақсатында еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар бойынша ЕСЕПТІЛІК

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 24.06.2020 № 630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Индекс: ЕКА КР-2

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Ұсынады: еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың қатысушылары

Қайда ұсынады: мемлекеттік кірістер органдарына

Ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-ы күнінен кешіктірмей

20__ жылғы "____" ________жағдайына ____ парақта ____________________________________
нан(ұйымның атауы, БСН, мекенжайы)

АЭА объектілерінің құрылысы, жайластыру немесе реконструкциялау мақсатында еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар

| № р/б | Тауардың атауы | Тауарлардың ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша коды (10 белгі) | Тауарларға арналған декларацияның немесе өзге кедендік құжаттың № | Тауардың саны | Әкелу мақсаты, тауарлармен жасалатын операциялар | Объектінің атауы және орналасуы | 6-бағанда көрсетілгн операцияларды жасау барысында пайдаланылған (тұтынылған) тауардың саны | Оған сәйкес еркін кеден аймағы кедендік рәсімі аяқталған тауарларға арналған декларацияның немесе өзге кедендік құжаттың № | Кедендік рәсімнің коды | [illegible] |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 1 |
| Шетелдік тауарлар | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| АЭА-ға қатысушы басшының Т.А.Ә. ____________________________________ 20__жылғы "__" _________ | | | | | | | | | | |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АЭА – еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ;

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЕАЭО СЭҚ ТН - Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде).

Есептілік тоқсан сайын деректердің көбеюімен ұсынылады.

Еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды есепке алуды жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органына осындай

тауарлар туралы есептілікті
ұсыну қағидасына
3-қосымша
әкімшілік деректерді жинауға
арналған
нысан

# Еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған, порттық еркін ( арнайы, ерекше) экономикалық аймаққа(тан) және логистикалық еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймаққа(тан) әкелінген (әкетілген) тауарлар бойынша ЕСЕПТІЛІК

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 24.06.2020 № 630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Индекс: ЕКА КР-3

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Ұсынады: еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың қатысушылары

Қайда ұсынады: мемлекеттік кірістер органдарына

Ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-ы күнінен кештірмей

20__ жылғы "____" ________жағдайына ____ парақта ________________________________
нан(ұйымның атауы, БСН, мекенжайы)

1-бөлім. Еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған, порттық АЭА-ға (дан) және логистикалық АЭА-ға(дан) әкелінген тауарлар

| № р/б | Тауардың атауы | Тауарлардың ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша коды (10 белгі) | Тауарларға арналған декларацияның немесе өзге кедендік құжаттың № | Тауардың саны | Әкелу мақсаты | Тауарлар сақталатын қойма туралы мәліметтер | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| Шетелдік тауарлар | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары | | | | | | | |
| | | | | | | | |

Кестенің жалғасы

2-бөлім. Еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған, порттық АЭА-ға (дан) және логистикалық АЭА-ға(дан) әкетілген тауарлар

| | Порттық АЭА немесе логистикалық А Э А аумағына | Порттық АЭА немесе логистикалық А Э А аумағына әкелінген | Оның негізінде порттық АЭА немесе логистикалық АЭА аумағына тауарлар әкелінген | Порттық АЭА немесе логистикалық А Э А аумағына | Оның негізінде порттық АЭА немесе логистикалық А Э А аумағынан тауарлар әкетілетін | Тауарлармен жүргізілген | Порттық АЭА немесе логистикалық А Э А аумағынан | Порттық АЭА немесе логистикалық А Э А аумағына әкетілетін |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

| № р/б | әкелінген тауардың атауы | тауардың ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша коды (10 белгі) | тауарларға арналған декларацияның немесе өзге кедендік құжаттың № | әкелінген тауардың саны | тауарларға арналған декларацияның немесе өзге кедендік құжаттың № | операция түрі | әкетілетін тауардың атауы | тауардың ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша коды (10 белгі) | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | |
| Шетелдік тауарлар | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| Еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарлар | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| АЭА-ға қатысушы басшының Т.А.Ә. ____________________________________ 20__жылғы "__" _________ | | | | | | | | | |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АЭА – еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ;

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЕАЭО СЭҚ ТН - Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде).

Есептілік тоқсан сайын деректердің көбеюімен ұсынылады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 20 ақпандағы
№ 247 бұйрығына
9-қосымша

## Мемлекеттік кірістер органының еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағынан еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтамай, еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және (немесе) еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды әкетуге рұқсат беру қағидасы

Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 24.06.2020 № 630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік кірістер органының еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың (бұдан әрі – ЕЭА) аумағынан еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің

қолданылуын аяқтамай, еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және (немесе) еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды әкетуге рұқсат беру қағидасы "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 285-бабының 6-тармағына сәйкес әзірленген.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 24.06.2020 № 630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Тауарларды, оның ішінде АЭА аумағына әкелінетін немесе АЭА аумағынан әкетілетін Еуразиялық экономикалық одағының тауарларын тасымалдау бақылау-өткізу пункттері (бұдан әрі – БӨП) арқылы жүзеге асырылады.

## 2-тарау. Мемлекеттік кірістер органының еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағынан еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтамай әкетуге рұқсат беру тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 24.06.2020 № 630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және (немесе) еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтамай ЕЭА аумағынан әкету мақсатында Кодекстің 285-бабының 4-тармағында көрсетілген жағдайларда декларант мемлекеттік кірістер органдарына (бұдан әрі – МКО) растайтын құжаттарды қоса бере отырып қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық не қағаз түрінде еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтамай ЕЭА аумағынан тауарларды әкетуге өтінішті (бұдан әрі – Өтініш) ұсынады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 24.06.2020 № 630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. МКО Өтінішті қарау мерзімі аталған МКО-ға өтініш түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аса алмайды.

5. Кодекстің 285-бабының 4-тармағына сәйкес әкелінген тауарлар мұндай операцияларды жасау мақсаттары мен жағдайларына қарай МКО белгілеген мерзім өткенге дейін АЭА аумағынан қайта әкетуге жатады.

6. МКО белгіленген қайта әкелу мерзімі өткенге дейін АЭА қатысушының дәлелденген өтініші бойынша қайта әкелу мерзімін ұзарту қажеттілігін растайтын

құжаттарды қосымша ұсына отырып, қайта әкелу мерзімі МКО Өтініштің оң жақ төменгі бөлігінде жазба енгізу тәсілімен ұзартылады.

Еркін (арнайы, ерекше)
экономикалық аймақтың
аумағынан еркін кеден аймағы
кедендік рәсімінің қолданылуын
аяқтамай, еркін кеден аймағы
кедендік рәсімімен
орналастырылған тауарларды
және (немесе) еркін кеден
аймағы кедендік рәсімімен
орналастырылған тауарлардан
дайындалған (алынған)
тауарларды әкетуге рұқсат
беру қағидасына
1-қосымша
нысан

______________________________
(мемлекеттік кірістер
органының атауы)

______________________________
(өтініш беруші)
БСН/ЖСН, мекен-жайы,
телефон _____;

## Еркін кедендік аймақ кедендік рәсімін аяқтамай еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ аумағынан тауарларды шығару туралы өтініш

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 24.06.2020 № 630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№ 0 0 0 0 0 / _______________ 201__ ж.
(өтінішті тіркеу нөмірі) (өтінішті беру күні)

Еркін кедендік аймақ (шығару мақсаты көрсетіледі) кедендік рәсімін аяқтамай АЭА аумағынан шығаруға рұқсат беру "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексінің 285-бабы 4 -тармағында көрсетілген жағдайларда еркін кедендік аймақ кедендік рәсімін аяқтамай АЭА аумағынан шығаруға рұқсат беруіңізді өтінеміз:____________________________
_____________________ ____________________________________________________________
____________________________

шығару "__"_______20__ жылдан бастап және кері әкелу "__"_______20__ ж.:

1) тауарларға арналған декларациялардың немесе тізілімнің нөмірі________________
_;

2) тауардың мәртебесі____________________________________________________________
__;

3) тауардың атауы (дайын өнімнің)____________________________________________
__;

4) тауардың саны (килограмм, бірлік, литр, метр және әрі қарай)_________________
__;

5) ЕАЭС СЭҚ ТН коды (материалдар шикізаты, құрамы)________________________
__;

6) идентификациялау әдісі ___________________________________________________
_;

7) атауы, шығару мақсатын растайтын құжаттың күні мен нөмірі ________________
;

Жоғарыда аталған мағлұматтар мен мәліметтердің дұрыстығын растаймын және тауарларды көрсетілген мерзімде кері әкелуді міндетіме аламын.

_______________________________________________________ _________
Өтініш берушінің өкілетті тұлғасының Т.А.Ә. қолы

_______________________________________________________ _________
мемлекеттік кірістер органы лауазымды тұлғасының Т.А.Ә қолы М.О.

Ұзартылған жағдайда
толтырылады.
Мемлекеттік кірістер органы
Т.А.Ә.____________________
қолы М.О.
"__" ________ 20___ жыл
(толтырған күні)
"___"________20___ ж. дейін
ұзартылды
"__"_________ 20___ ж
________________
ЕЭА қатысушысының өтініші
негізінде

Ескерту: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АЭА – еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ;

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЕАЭО СЭҚ ТН - Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде).

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 20 ақпандағы
№ 247 бұйрығына
10-қосымша

## Еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ қатысушысының еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және (немесе) еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орнастырылған тауарлардан дайындалған ( алынған) тауарларды иелену, пайдалану және (немесе) оларға билік ету құқықтарын, еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтамай, осы еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың өзге қатысушысына беруге жол берілетін жағдайлар

Ескерту. 10-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің м.а. 24.06.2020 № 630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ (бұдан әрі – ЕЭА) қатысушысының еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және (немесе) еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған ( алынған) тауарларды иелену, пайдалану және (немесе) оларға билік ету құқықтарын, еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтамай, осы ЕЭА өзге қатысушысына беру мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар және (немесе) еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орнастырылған тауарлардан дайындалған ( алынған) тауарлар бұдан әрі қайта өңдеу процесінде пайдаланылатын болса;

2) еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар – АЭА қатысушы болып табылатын тұлғаны жойған (қызметі тоқтатылған) не тұлға АЭА қатысушысы мәртебесін жоғалтқан жағдайда.

Қазақстан Республикасы<br>Қаржы министрінің<br>2018 жылғы 20 ақпандағы<br>№ 247 бұйрығына<br>11-қосымша

## Еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ қатысушысының еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және (немесе) еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орнастырылған тауарлардан дайындалған ( алынған) тауарларды иелену, пайдалану және (немесе) оларға билік ету құқықтарын, еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтамай, осы еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың өзге қатысушысына тауарларды берудің қағидасы мен шарттары

Ескерту. Қағида мен шарттардың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 24.06.2020 № 630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ қатысушысының (бұдан әрі – ЕЭА) еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және ( немесе) еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды иелену, пайдалану және (немесе) оларға билік ету құқықтарын, еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтамай, осы ЕЭА өзге қатысушысына тауарларды берудің қағидалары мен шарттары "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 285-бабының 10-тармағына сәйкес әзірленген және ЕЭА қатысушысы еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және (немесе) еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орнастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды иелену, пайдалану және (немесе) оларға билік ету құқықтарын, еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтамай, осы ЕЭА өзге қатысушысына тауарларды беру қағидалары мен шарттарын айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 24.06.2020 № 630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-тарау. Еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ қатысушысы осы еркін ( арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың өзге қатысушысына тауарларды беру тәртібі мен шарттары

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 24.06.2020 № 630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. АЭА қатысушысы еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және (немесе) еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды иелену, пайдалану және (немесе) оларға билік ету құқықтарын, еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтамай, осы АЭА өзге қатысушысына беру осы Бұйрықпен бекітілген жағдайларда жүзеге асырылады.

3. ЕЭА қатысушысы еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және (немесе) еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды иелену, пайдалану және (немесе)

оларға билік ету құқықтарын, еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтамай, осы ЕЭА өзге қатысушысына беру осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша ЕЭА қатысушысы осы ЕЭА өзге қатысушысына тауарларды беру актісімен ( бұдан әрі – Акт) жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 24.06.2020 № 630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Тауарларды іс жүзінде бергеннен кейін АЭА қатысушысы 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей бұдан әрі кедендік бақылауды жүзеге асыру үшін актіні қоса бере отырып мемлекеттік кірістер органына (бұдан әрі – МКО) хабарламаны жолдайды.

5. Арнайы экономикалық аймақ кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды қолдану шарттарын сақтау бойынша АЭА қатысушысының міндеті және мұндай кедендік рәсімді қолдануды аяқтау бойынша міндеті Кодекстің 285-бабы 10-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес көрсетілген тауарларды иелену, пайдалану және (немесе) оларға билік ету құқықтары берілген тұлғаларға жүктеледі.

6. Шетелдік тауарларына қатысты әкелінетін кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу бойынша АЭА қатысушының міндеті Кодекстің 288-бабының 3-тармағына сәйкес көрсетілген тауарларды иелену, пайдалану және (немесе) оларға билік ету құқықтары берілген тұлғаларда туындайды.

Еркін (арнайы, ерекше)
экономикалық аймақ
қатысушысының еркін кеден
аймағы кедендік рәсімімен
орналастырылған тауарларды
және (немесе) еркін кеден
аймағы кедендік рәсімімен
орнастырылған тауарлардан
дайындалған (алынған)
тауарларды иелену, пайдалану
және (немесе) оларға билік ету
құқықтарын, еркін кеден аймағы
кедендік рәсімінің қолданылуын
аяқтамай, осы еркін (арнайы,
ерекше) экономикалық
аймақтың өзге қатысушысына
берудің қағидасы мен шарттары
1-қосымша
нысан

## Еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ қатысушысы осы еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың басқа қатысушысына тауарларды беру актісі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 24.06.2020 № 630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

АЭА қатысушысы_____________________________________________________________;

(тауарларды беруші тұлғаның толық атауы, БСН/ЖСН, мекен-жайы, телефоны )

_______________________________________________________ АЭА қатысушысына береміз;

(тауарды алушы тұлғаның толық атауы, БСН/ЖСН, мекен-жайы, телефоны)

– себебі ___________________________________________________________________;

(тауарларды беру себебі көрсетіледі)

– құжатар бойынша_______________________________________________________;

(құжат туралы мәліметтер көрсетіледі (АЭА қатысушыларының арасындағы жасалған келісім шарт немесе басқа құжат);

– келесі тауарлар:___________________________________________________________;

(тауардың толық атауы (қайта өңдеу өнімі) (түрі, моделі, маркасі, бренді және тағы басқа)

– кедендік рәсімдерге орналастырылған келесі тауарларға арналған декларациялар бойынша

________________________________________________________________________;

– ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша тауарлар коды_______________________________________;

– тауарлармен жасалған қайта өңдеу операцияларының түрі_______________________;

– тауарлардың кедендік құны (қайта өңдеу өнімі) _______________________________;

Берілді: "__"______20__ж __________________________ ________

уәкілетті тұлғаның Т.А.Ә колы

2017 жылғы 26 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 288-бабы 3-тармағы, 285-бабы 10-тармағы үшінші бөлігімен бекітілген міндеттерімді орындауды міндетіме аламын.

Алдым : "__"________ 20__ ж __________________________ ________

уәкілетті тұлғаның Т.А.Ә колы

Ескерту: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АЭА – еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ;

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЕАЭО СЭҚ ТН - Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде).

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 20 ақпандағы № 247
бұйрығына 12-қосымша

# Еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарларды, еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларда сәйкестендіруді жүзеге асыру қағидасы

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарларды, еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларда сәйкестендіруді жүзеге асыру қағидасы "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 286-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленген және еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарларды еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларда сәйкестендіруді жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 24.06.2020 № 630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-тарау. Шетелдік тауарларды сәйкестендіруді жүзеге асыру тәртібі

2. Еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарларды еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларда сәйкестендіру кезінде Кодекстің 286-бабының 1-тармағымен айқындалған әдістері қолданылады.

3. Мұндай рәсімдердің қолданылуын аяқтағанға дейін еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарларды еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларда сәйкестендіру мақсатында декларант мемлекеттік кірістер органына (бұдан әрі – МКО) еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарларды еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан дайындалған

(алынған) тауарларда сәйкестендіру туралы өтінішті (бұдан әрі – Өтініш) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық не қағаз түрінде береді.

4. Өтініш қайта өңдеу өнімінің әрбір түріне жеке беріледі.

5. Берілген Өтініш осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша журналға ақпараттық жүйе арқылы МКО лауазымды тұлғасы дереу тіркеуге жатады.

6. Бұдан бұрын жолданған мәліметтер өзгерген жағдайда жаңа өтініш беріледі.

7. Еркін кеден аймағы кедендік рәсімі аяқталғаннан кейін тауарларға арналған декларациялардың 44-бағанында (08999 кодының астына) Өтініштің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

Тауарларға арналған декларациялардың 44-бағанында Өтініштің тіркеу нөмірі көрсетілмеген жағдайда еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарларды сәйкестендіру расталмаған болып саналады.

8. МКО тіркелген Өтініш болған жағдайда ішкі тұтыну үшін шығарылған кедендік рәсімімен орналастырылған шикізатты, дайын өнімдегі материалдарды кедендік тазарту кезеңінде сәйкестендіруді МКО-да тәуекелдерді басқару жүйесімен белгіленген жағдайларды қоспағанда жүзеге асырмайды.

Өтініштер бойынша декларант жүргізетін тауарларды сәйкестендірудің дұрыстығына кедендік бақылау Кодекстің 47 және 51-бөлімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарларды, еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларда сәйкестендіруді жүзеге асыру қағидасына 1-қосымша
нысан

____________________________
(мемлекеттік кірістер органының атауы)
_________________________дан
(өтініш берушінің атауы/Т.А.Ә.)
БСН/ЖСН__________________
мекен-жайы ________________
телефон ___________________

**Еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарларды еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларда сәйкестендіру туралы өтініш**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 24.06.2020 № 630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№ 0 0 0 0 0 20__ ж. "___"_______________
(өтініштің тіркелген нөмірі) (өтініш берген күні)

Сізден еркін кедендік аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарларды еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларда сәйкестендіруді өткізуге қайта өңдеудің мынадай дайын өнімдері бойынша рұқсат беруді сұраймын:

1) тауар атауы (қайта өңдеу өнімі) __________________________________;

2) ЕАЭО СЭҚ ТН коды (шикізат материалдар, жинақтағыш)_____________________;

3) Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексінің 286-бабының 1-тармағына сәйкес сәйкестендіру тәсілі;

4) тауардың толық атауы (қайта өңдеу өнімі) (түрі, моделі, маркасі, бренді және тағы басқа)________________________________________________________________;

5) тауарларға қайта өңдеу кезінде жасалған операциялар түрлері ___________________;

6) өтініш беруші еркін кедендік аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарларды еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларда сәйкестендіруді өткізу бойынша өзге де мәліметтер ____________________________________________;

7) Таңдалған сәйкестендіру тәсілі еркін кедендік аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарларды еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларда сәйкестендіруді растайтын құжаттар тізбесі ___________________________________________________________;

Осы жоғарыда көрсетілген мәліметтер мен деректердің дұрыстығын растаймын

_________________________________________ ____________

Өтініш берушіге уәкілетті тұлғаның Т.А.Ә. қолы

Мемлекеттік кірістер органы Т.А.Ә. ____________________ қолы М.О.

Ескерту: аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЕАЭО СЭҚ ТН - Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде).

Еркін кеден аймағы кедендік
рәсімімен орналастырылған
шетелдік тауарларды, еркін

кеден аймағы кедендік
рәсімімен орналастырылған
шетелдік тауарлардан
дайындалған (алынған)
тауарларда сәйкестендіруді
жүзеге асыру қағидасына
1-қосымша
нысан

## Еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарларды еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларда сәйкестендіру туралы өтініштерді тіркеу журналы

| р/с № | Тіркеу нөмірі | Өтініш беруші | БСН/ ЖСН | Қайта өңдеу өнімінің атауы | Сәйкестендіру тәсілі | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЕАЭО СЭҚ ТН - Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі.

Өтініштің тіркеу нөмірі келесідей қалыптасады:

XXXXX/ДДММГГ/0000, где:

1 2 3

XXXXX – мемлекеттік кірістер органдарының территориалдық коды;

ДДММГГ – өтінішті тіркеу нөмірі (күні, айы және жылдың соңғы 2-саны);

0000 – өтініштің реттік саны.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 20 ақпандағы
№ 247 бұйрығына
13-қосымша
нысан

## Тауарларды көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе өзге де тәсілмен жою АКТІСІ № _____

"___"_____________20___ г.

(жасалған күні)

_______________________________________________________________

(тауарды жою орны)

_____________________________________________құрылған

Комиссия Мемлекеттік кірістер орган басшысының Т.А.Ә. от 20___ж. "____"___№ ___

бұйрықтын негізінде құрамында:___________________________________________

Мемлекеттік кірістер органның лауазымды адамы___________________________

(Т.А.Ә., лауазымы, қолы, жеке нөмірлі мөрі)

Тауарға қатысты өкілеттігі бар тұлға (тұлға өкілі):____________________

___________________________________________________________________________

(Т.А.Ә., жұмыс орны, лауазымы, қолы)

Қатысуымен тауарды жою кезінде қатысқан тауардың иесін қоса алғанда өзге тұлғаларды көрсету:_____________________________________________

(Т.А.Ә., жұмыс орны, лауазымы, қолы)

Көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе өзге де тәсілмен жоюға жататын тауарлар туралы мәліметтер:

| р/с № | Тауардың атауы | Тауарларға арналған декларацияның немесе өзге кедендік құжаттың негізінде еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған № | ЕАЭО СЭҚ ТН тауардың коды | Нетто салмағы | Тауардың саны | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

тауарды жою тәсілі:_________________________________________________________

Тауарларды кедендік қарап-тексеру барысында________________________жүргізілді;

(фото жазба, бейне жазба және басқа)

Тауарларды жою нәтижесіндегі қалдықтардың бары және саны:_______________;

(қалдықтардың егжей-тегжейлі сипаты)

Әр тауар бойынша жоюдан кейін қалдықтарды бұдан әрі қолдану мүмкіндігі туралы мәліметтер: ______________________________________________________;

өзге мәліметтер:_____________________________________________________________

Осы акт _______ даналарда жасалған. Комиссия мүшелері:

1. ___________________________________________________________ __________

2. ___________________________________________________________ __________

3. ___________________________________________________________ __________

(Т.А.Ә., комиссия мүшелерінің лауазымы) (қолы)

Акттің екінші данасын қолға алдым _________ ____________________ _______

(қолы) (аты-жөні, тегі) (күні)

Акттің үшінші данасын қолға алдым _________ ____________________ _______

(қолы) (аты-жөні, тегі) (күні)

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЕАЭО СЭҚ ТН - Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде).

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 20 ақпандағы
№ 247 бұйрығына
14-қосымша

# Еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуын, тауарларды кедендік рәсімдермен орналастырмай аяқтау қағидасы

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуын, тауарларды кедендік рәсімдермен орналастырмай аяқтау қағидасы "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 287-бабының 11, 12 және 13-тармақтарына сәйкес әзірленген және еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуын, тауарларды кедендік рәсімдермен орналастырмай аяқтау тәртібін, егер мынадай:

еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар және (немесе) еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған ( алынған) тауарлар тұтынушылық қабілетінен айырылған және олар арналған сапада пайдалану үшін жарамсыз болып қалған жағдайда;

жойылған және (немесе) апат немесе еңсерілмейтін күш әсерінің салдарынан біржола жоғалған не тасымалдаудың қалыпты шарттары (тасымалдау) және (немесе) сақтау кезінде табиғи кему нәтижесінде біржола жоғалған еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар;

табиғи тозу салдарынан өзгергендерді, сондай-ақ тасымалдаудың қалыпты шарттары (тасымалдау) және (немесе) сақтау кезінде табиғи кему салдарынан өзгергендерді қоспағанда өзгеріссіз жағдайда қалған порттық еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ (бұдан әрі – ЕЭА) немесе логистикалық ЕЭА аумағында еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарлар мұндай порттық ЕЭА немесе логистикалық ЕЭА түйісетін қайту орны арқылы Еуразиялық экономикалық одағының кедендік аумағынан тыс шығарылу;

еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар және ЕЭА аумағында қызметті жүзеге асыру туралы шартты іске асыру үшін пайдаланылуға және ЕЭА қатысушысы пайдалануға енгізілген жабдық болып табылады, немесе ЕЭА аумағында жылжымалы объектілерін құру үшін пайдаланылатын және ЕЭА жұмыс жасауын тоқтатқан кезде мұндай жылжымалы объектілердің құрама бөлігі болып табылатын тауарлар немесе ЕЭА аумағында еркін кеден аймағы кедендік рәсімін қолдануды тоқтату туралы шешімді қабылдау не ЕЭА аумағында қызметті жүзеге асыру туралы шарттың қолданылу мерзімінің өтуіне және осы шарттың жағдайларын

орындауға байланысты тұлғаның ЕЭА қатысушының мәртебесін айырылуы жағдайларында айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 24.06.2020 № 630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-тарау. Еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуын, тауарларды кедендік рәсімдермен орналастырмай аяқтау тәртібі

2. Еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларға және (немесе) еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларға қатысты еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуы Кодекстің 287-бабы 10-тармағының 1) тармақшасымен белгіленген жағдайда осы бұйрықпен бекітілген нысан бойынша тауарларды көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе өзге де тәсілмен жою туралы актінің негізінде аяқталады.

3. Тауарларды көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе өзге де тәсілмен жою туралы акті жасалғаннан кейін лауазымды тұлға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарларды көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе өзге де тәсілмен жою туралы актілерді тіркеу журналының тиісті бағаналарын толтырады.

4. Жойылған және (немесе) апат немесе еңсерілмейтін күш әсерінің салдарынан біржола жоғалған не тасымалдаудың қалыпты шарттары (тасымалдау) және (немесе) сақтау кезінде табиғи кему нәтижесінде біржола жоғалған тауарларға қатысты еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуы:

1) уәкілетті орган не уәкілетті ұйым берген апат немесе еңсерілмейтін күш әсері фактісін;

2) бухгалтерлік есепте міндетті көрсете отырып табиғи кему нәтижесінде біржола жоғалту (техникалық жабдықтары, шығын нормалары және сол секілді) фактісі расталатын құжаттардың негізінде аяқталады.

5. Табиғи тозу салдарынан өзгергендерді, сондай-ақ тасымалдаудың қалыпты шарттары (тасымалдау) және (немесе) сақтау кезінде табиғи кему салдарынан өзгергендерді қоспағанда өзгеріссіз жағдайда қалған порттық АЭА немесе логистикалық АЭА аумағында еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарларға қатысты еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуы Кодекстің 287-бабы 10-тармағының 4) тармақшасымен белгіленген жағдайларда кедендік бақылауды жүргізумен Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тауарларды әкетуге рұқсат берудің негізінде аяқталады.

**3-тарау. Еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ жұмыс жасауын тоқтатқан немесе еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағында еркін кеден аймағы кедендік рәсімін қолдануды тоқтату туралы шешім қабылданған не тұлға еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймаққа қатысушы мәртебесінен айырылған кезде еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуын, тауарларды кедендік рәсімдермен орналастырмай аяқтау қағидасы тәртібі**

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 24.06.2020 № 630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларға және ЕЭА аумағында қызметті жүзеге асыру туралы шартты іске асыру үшін пайдалануы және ЕЭА қатысушының пайдалануы үшін енгізілген жабдық болып табылатын немесе ЕЭА аумағында жылжымайтын объектілерін құру үшін пайдаланылатын және мұндай жылжымайтын объектілердің құрама бөлігі болып табылатын тауарларға қатысты еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуы көрсетілген кедендік рәсімге тауарларды орналастыру жүргізілген МКО-ға ЕЭА қатысушысының жазбаша өтініші негізінде, мынадай:

1) ЕЭА жұмыс жасауын тоқтатқан немесе ЕЭА аумағында еркін кеден аймағы кедендік рәсімін қолдануды тоқтату туралы шешім қабылданған;

2) ЕЭА аумағында қызметті жүзеге асыру туралы шарттың қолданылыс мерзімі өтіп кетуіне және осы шарттың жағдайларын орындауға байланысты тұлғаның ЕЭА қатысушысының мәртебесінен айырылған жағдайларда аяқталады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 24.06.2020 № 630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. АЭА қатысушысының жазбаша өтініші мынадай құжаттарды қоса бере отырып еркін нысанда құралады:

1) құжаттардың куәландырылған көшірмелері:

АЭА аумағында АЭА қатысушысы ретінде қызметті жүзеге асыру үшін шарттың жағдайларын АЭА қатысушысы орындау туралы АЭА басқару органынан немесе уәкілетті органынан жазбаша растау;

тауарларға арналған декларация немесе еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды тасымалдау кезінде тауарларға арналған декларациялар ретінде пайдаланылатын тізбе;

егер өтініш жабдыққа берілетін болса, жабдықты пайдалануға енгізу туралы акті.

Құрылған объектіні пайдалану қабылдау туралы мемлекеттік қабылдау комиссиясының актісі не егер өтініш АЭА аумағында жылжымайтын объектілерді құру үшін пайдаланылатын тауарларға қатысты берілетін болса, Жылжымайтын мүлікке құқығы және олармен мәмілелер бірыңғай мемлекеттік тізіліміне жылжымайтын объектіге АЭА қатысушының меншік құқығы туралы жазбаны енгізу туралы үзіндісі;

2) есептілік:

Осы бұйрықпен бекітілген Еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды есепке алуды жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органына осындай тауарлар туралы есептілікті ұсыну қағидасына 1-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің 285-бабының 1-тармағына сәйкес операцияларды жүргізу үшін еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар бойынша есептілікті;

Осы бұйрықпен бекітілген Еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды есепке алуды жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органына осындай тауарлар туралы есептілікті ұсыну қағидасына 2-қосымшаға сәйкес АЭА объектілерін құру, жабдықтау немесе қайта құру мақсатында еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар бойынша есептілікті;

Осы бұйрықпен бекітілген Еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды және еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларды есепке алуды жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органына осындай тауарлар туралы есептілікті ұсыну қағидасына 3-қосымшаға сәйкес еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған порттық АЭА-ға (дан) және логистикалық АЭА-ға (дан) әкелінген (әкетілген) туралы бойынша, сондай-ақ осы бұйрықпен бекітілген еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар және еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарлар туралы мемлекеттік кірістер органына есептілікті ұсыну.

8. Құжаттардың бірін, оның ішінде осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген мәліметтерді ұсынбаған жағдайда МКО жазбаша нысанда еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларға және еркін экономикалық аймақ аумағында қызметті жүзеге асыру туралы шартты іске асыру үшін пайдаланылану және арнайы экономикалық аймаққа қатысушымен пайдаланылану үшін енгізілген жабдық болып табылатын немесе арнайы экономикалық аймақ аумағында жылжымалы объектілерін құру үшін пайдаланылатын және мұндай жылжымалы объектілердің құрама бөлігі болып табылатын тауарларға қатысты еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтаудан бас тартады.

9. Оларға қоса берілетін құжаттармен өтінішті МКО оны тіркеген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде қарастырады.

10. Еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларға және АЭА аумағында қызметті жүзеге асыру туралы шартты іске асыру үшін пайдаланылану және АЭА-ға қатысушымен пайдаланылану үшін енгізілген жабдық болып табылатын немесе АЭА аумағында жылжымалы объектілерін құру үшін пайдаланылатын және мұндай жылжымалы объектілердің құрама бөлігі болып табылатын тауарларға қатысты еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтау осы Қағиидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үш данада жасалған еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастарылған тауарларға қатысты еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтау туралы бірлескен актінің негізінде жүзеге асырылады, олар мынадай тәртіпте үйлестіріледі:

бірінші дана – МКО-да қалады;

екінші дана – АЭА қатысушысына ұсынылады;

үшінші дана – АЭА басқару органына ұсынылады.

11. Еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларға қатысты еркін кеден аймағы кеден рәсімінің қолданылуын аяқтау туралы актіні жасағаннан кейін лауазымды тұлға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларға қатысты еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтау туралы Тіркеу журналының тиісті бағанын толтырады.

Еркін кеден аймағы кедендік
рәсімінің қолданылуын,
тауарларды кедендік рәсімдермен
орналастырмай аяқтау қағидасына
1-қосымша
нысан

# Тауарларды көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе өзге де тәсілмен жою актілерін тіркеу журналы

| р/с № | тауарларды көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе өзге де тәсілмен жою актінің № | Тауарға қатысты өкілеттігі бар тұлға ( тұлға өкілі) | Тауардың атауы | Тауарларға арналған декларацияның немесе өзге кедендік құжаттың негізінде еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған № | Актті жасағанның Т.А.Ә. (ол болған кезде), | Қолы | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |

Ескертпе: Журнал тігіледі, нөмірленеді, мөрленеді және мемлекеттік кірістер органның басшысының не оны алмастыратын адамның қолымен бекітіледі. Келесі жылдың бірінші қаңтарынан бастап журналдың реттік саны бірден басталады.

Еркін кеден аймағы кедендік
рәсімінің қолданылуын,

тауарларды кедендік
рәсімдермен орналастырмай
аяқтау қағидасына
2-қосымша

нысан

**Еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларға қатысты еркін кеден аймағы кеден рәсімінің қолданылуын аяқтау туралы Акт**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 24.06.2020 № 630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№ ________________ Күні ______________

Осы Акт, _____________АЭА қатысушы ______________ АЭА аумағында АЭА-ның жұмыс істеуі тоқтатылған немесе АЭА аумағында еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылданған кезде еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған және АЭА аумағында қызметті жүргізу туралы шартты іске асыру үшін АЭА қатысушысыпайдалануға енгізген және қолданатын жабдық немесе АЭА аумағында жылжымайтын мүлік объектілерін құру үшін пайдаланылған және осындай жылжымайтын мүлік объектілерінің құрауыш бөлігі болатын тауарлар болып табылатын тауарларға қатысты:

АЭА жұмыс істеуінің тоқтатуына, еркін кеден аймағы кедендік рәсімі қолданылған АЭА аумағында еркін кеден аймағы кедендік рәсімін қолдануды тоқтату туралы шешім қабылданған;

АЭА жұмыс істеуі тоқтаған немесе еркін кеден аймағы кедендік рәсімі қолданылған АЭА аумағында еркін кеден аймағы кедендік рәсімін қолдануды тоқтату туралы шешім қабылдануына байланысты еркін кеден аймағы кеден рәсімінің қолданылуы аяқталады.

| р/с № | Тауарларға арналған декларацияның немеесе өзге кедендік құжаттың № | Тауардың атауы | ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша тауардың коды | Саны | Тауардың мәртебесі | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

| АЭА қатысушы | АЭА басқару органы | Мемлекттік кірістер органы |
|---|---|---|
| | | |
| Т.А.Ә._____________ басшының қолы __________________ БСН | Т.А.Ә._____________ басшының қолы __________________ | Т.А.Ә.___________ _ басшының қолы _________________ _ _ _ _ _ М.О. |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АЭА – еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ;

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЕАЭО СЭҚ ТН - Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде).

Еркін кеден аймағы кедендік
рәсімінің қолданылуын,
тауарларды кедендік
рәсімдермен орналастырмай
аяқтау қағидасына
3-қосымша
нысан

## Еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастарылған тауарларға қатысты еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтау туралы актілерді тіркеу журналы

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 24.06.2020 № 630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| № р/с | Еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастарылған тауарларға қатысты еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтау туралы актінің № | Е Э А қатысушысы | Е Э А аумағында қызметті жүзеге асыру туралы шарттың № мен күні | Е Э А қатысушысын тіркеу туралы куәліктің № мен берілген күні | Тауардың мәртебесі | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

Ескертпе: аббревиатуралардың ашып жазылуы:

ЕЭА – еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақ;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде).

Журнал тігіледі, нөмірленеді, мөрленеді және мемлекеттік кірістер органы басшысының не оны алмастыратын адамның қолымен бекітіледі. Әрбір келесі жылдың бірінші қаңтарынан бастап журналдың нөмірленуі бірден басталады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 20 ақпандағы
№ 247 бұйрығына
15-қосымша

## Еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймаққа қатысушы болып табылатын тұлға таратылған (қызметі тоқтатылған) кезде еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтау қағидалары

Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 24.06.2020 № 630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймаққа (бұдан әрі – ЕЭА) қатысушы болып табылатын тұлға таратылған (қызметі тоқтатылған) кезде еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтау қағидалары "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 287-бабының 14-тармағына сәйкес әзірленген және ЕЭА қатысушысы болып табылатын тұлға таратылған (қызметі тоқтатылған) кезде еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қоданылуын аяқтау тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 24.06.2020 № 630 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-тарау. Еркін кеден аймағының кедендік рәсімдері қолданылуының аяқталу тәртібі

2. АЭА қатысушысы болып табылатын тұлға тарату (қызметі тоқтату) туралы шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде АЭА қызмет аймағында орналасқан мемлекеттік кірістер органына (бұдан әрі – МКО) хабарлайды (бұдан әрі – Хабар).

3. Хабарды қарау мерзімі оны МКО-да тіркеген күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспауы тиіс.

4. МКО қажет болған жағдайда Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кедендік бақылауды жүзеге асырады.

5. Хабарды қарау қорытындысы бойынша МКО осы Қағидаларда белгіленген мерзімде еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданылуы аяқталмаған тауарларға қатысты еркін кеден аймағы кедендік рәсімінің қолданысын аяқтау қажеттілігі туралы хабарламаны (бұдан әрі – Хабарлама) жолдайды.

6. АЭА қатысушысы болып табылатын тұлға таратылған (қызметі тоқтатылған) кезде еркін кеден аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларға қатысты еркін кеден аймағы рәсімінің қолданылуы хабарламаны алған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде аяқталады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК